

"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімге қол қою туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 қазандағы № 782 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

A. Мамин

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және аஸыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімге қол қою туралы

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және аஸыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімнің жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және аஸыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін, ол Қазақстан Республикасы атынан қол қойсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. Токаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2019 жылғы
№ Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты негізге ала отырып,

Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағында бағалы металдар мен асыл тастардың еркін айналысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында,

мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру саласында тиімді шараларды әзірлеу мақсатында мүше мемлекеттердің бәсекелестік артықшылықтарын жасауға және олардың өзара іс-қимылына бағдарланған өзара тиімді сауда-экономикалық тетіктерді қалыптастыру мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"талдау" – бұйым жасалған металдың және оның қорытпасының химиялық құрамын айқындау, оның ішінде осы бұйымның бұзылуын көздейтін әдістерді қолдану жолымен айқындау;

"бағалы металдарды аффинаждау" – бағалы металдың болуын мемлекетаралық стандарттардың және (немесе) мүше мемлекеттерді мемлекеттік (ұлттық) стандарттарының және (немесе) мүше мемлекеттердің аумағында қолданылатын техникалық шарттардың Лондон бағалы металдар нарығына қатысушылар қауымдастыры (LBMA) және Лондон платина мен палладий нарығына қатысушылар (LPPM) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарының техникалық шарттарының талаптарына сәйкес келетін мәндерге дейін жеткізе отырып, алынған бағалы металдарды қоспалардан және ілеспе химиялық элементтерден тазалау процесі;

"асыл тастарды өндіру" – асыл тастарды байырғы, шашыранды және техногендік кен орындарынан алу, сондай-ақ асыл тастарды сұрыптау, бастапқы сыныптау және бастапқы бағалау;

"бағалы металдарды өндіру" – концентраттар мен құрамында бағалы металдар бар басқа да жартылай өнімдер ала отырып, бағалы металдарды байырғы (кен), шашыранды және техногендік кен орындарынан алу;

"асыл тастар" – табиғи алмастар, зұбәржаттар, лағылдар, жақұттар және александриттер, сондай-ақ шикі (табиғи) және өнделген түрдегі табиғи інжу, бірегей көріптас түзілімдері. Асыл тастардың сипаттамаларына (қасиеттеріне) ие жасанды жолмен алынған материалдар асыл тастарға жатқызылмайды;

"бағалы металдар" – кез келген күйде, түрде болуы мүмкін (оның ішінде, саф және аффинирленген түрде), сондай-ақ шикізатта, қорытпаларда, жартылай фабрикаттарда, өнеркәсіптік өнімдерде, химиялық қосылыстарда, өнімдерде (бұйымдарда), оның ішінде зергерлік және басқа да бұйымдарда, монеталарда, сынықтар мен қалдықтарда болуы мүмкін алтын, күміс, платина және платина тобындағы металдар (палладий, иридий, родий, рутений және осмий);

"атаулы таңба" – жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарға бедері қойылатын дайындаушының белгісі;

"бағалы металдар мен асыл тастарды пайдалану" – бағалы металдар мен асыл тастарды өндірістік, қаржылық, ғылыми және әлеуметтік-мәдени мақсаттарда қолдану;

"минералды шикізат" – жер қойнауынан өндірілген және құрамында бағалы металдар бар байырғы кен орындарының кені, шашыранды кен орындарының құмы, техногенді кен орындарының кені және құмы, концентраттар, шлих алтын және платина, Доре қорытпасы, катодты металл және мырыш шөгінділері, сондай-ақ құрамында өнеркәсіптік тәсілмен алынатын бағалы металдар бар полиметалды (кешенді) кендер;

"таңбалау" – зергерлік және басқа да бұйымдарға сынамалық таңба бедерін қою;

"бағалы металдардың сынамалықтары мен қалдықтары" – жарамсыз болып қалған немесе өзінің тұтынушылық қасиеттерін және (немесе) функционалдық мақсатын жоғалтқан бағалы металдардан және олардың қорытпаларынан жасалған өнім (бұйым), оның бөліктері, осындай өнімді (бұйымдарды) өндіру процесінде туындаған, жөнделмейтін ақау, сондай-ақ өндіру және (немесе) тұтыну процесінде пайда болған және негізінен бағалы металдарды алу үшін пайдаланылатын, құрамында бағалы металдар бар шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың қалдықтары;

"асыл тастарды өндеу" – асыл тастардың физикалық жай-күйін (нысанын, түсін, сапасын) өзгерту мақсатында оларға механикалық, физикалық, химиялық немесе өзге де әсер ету. Өндеу асыл тастардан әртүрлі мақсаттарда жартылай фабрикаттар мен дайын бұйымдар өндіруді және оларды жақсартуды да қамтиды;

"сынамалау" – зергерлік және басқа да бұйымдардағы бағалы металдар қорытпасының сынамасын айқындау немесе растау;

"асыл тастардың қалдықтары" – асыл тастарды өндеу, зергерлік және басқа бұйымдарды, техникалық мақсаттағы бұйымдарды жасау және пайдалану кезінде пайда болған және аталған бұйымдарды жасау үшін пайдалануға болмайтын асыл тастардың сынамалықтары, жарықшақтары түріндегі қалған бөлшектер;

"сынама" – бағалы металл қорытпасының 1 мың массалық үлесіндегі химиялық таза бағалы металдың массалық үлесінің сандық құрамы;

"сынамалық таңба" – бағалы металдардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарға салынатын және осындай бұйым құрамындағы бағалы металл сынамасын куәланыратын, мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген үлгідегі белгі;

"бағалы металдарды өндіру" – құрамында бағалы металдар бар өндірілген кешенді кендерден, концентраттардан және басқа да жартылай өнімдерден, құрамында бағалы металдар бар сынықтар мен қалдықтардан бағалы металдарды алу, сондай-ақ бағалы металдарды аффинаждау;

"рекуперацияланған асыл тастар" – пайдаланылған немесе өзге себептермен пайдаланудан шығарылған құралдар мен техникалық мақсаттағы басқа да бұйымдардан алынған асыл тастар;

"өндіру субъектілері" – өздері резиденттері болып табылатын мүше мемлекеттің аумағында бағалы металдарды өндіруді жүзеге асыратын ұйымдар;

"зергерлік және басқа да бұйымдар" – эмиссиядан өткен (оның ішінде, айналыстан алынған) монеталарды және мемлекеттік наградаларды қоспағанда, бағалы металдардан және олардың қорытпаларынан жасалған, зергерлік және басқа да бұйымдарды сынауға, талдауға және таңбалауға қойылатын талаптарда белгіленген ең төменгі сынамадан төмен емес сынамалары бар, оның ішінде декоративтік өндеудің әртүрін пайдалана отырып, асыл тастардан, табиғи немесе жасанды жолмен алынған басқа да материалдардан жасалған көздері бар не онсыз жасалған бұйым не бағалы металдардан және (немесе) асыл тастардан жасалған көздері бар, әртүрлі декоративтік өндеу түрлерін пайдалана отырып, табиғи немесе жасанды жолмен алынған материалдардан жасалған бұйымдар.

Осы Келісімде пайдаланылатын өзге де ұйымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

2-бап

1. Осы Келісім мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен жасалатын операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктерін айқындайды және занды тұлғалардың және дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалардың (бұдан әрі – дара кәсіпкерлер) бағалы металдармен және асыл тастармен жасалатын операцияларды жүзеге асыру жөніндегі қызметіне байланысты құқықтық қатынастарға қолданылады.

2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін бағалы металдармен және асыл тастармен жасалатын операциялар деп:

а) бағалы металдар мен асыл тастарға (бағалы металдар мен асыл тастардың айналысы) меншік құқығының және өзге де мұліктік құқықтардың өтуіне байланысты әрекеттер, оның ішінде бағалы металдар мен асыл тастарды кепіл ретінде пайдалану;

б) бағалы металдарды өндіру, жасау, асыл тастарды өндіру, бағалы металдар мен асыл тастарды кейіннен өндеу (қайта өндеу) және пайдалану кезінде кез келген заттар мен материалдардағы бағалы металдар мен асыл тастардың физикалық жай-күйінің немесе құрамының өзгеруі;

в) Одақтың тауарлары болып табылатын бағалы металдар мен асыл тастарды Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары арқалы және (немесе) теңізбен, сондай-ақ Одақтың кедендік аумағы арқылы өткізу, (оның ішінде бағалы металдар мен асыл тастарды сақтау орындарына, қорларға және запастарға тасымалдау), оларды сақтау және экспонаттау;

г) Одақтың құқығын құрайтын актілерде айқындалған тәртіппен бағалы металдар мен асыл тастарды Одақтың кедендік аумағына әкелу және оларды Одақтың кедендік аумағынан әкету түсініледі.

3. Осы Келісім мынадай:

а) занды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің кәсіпкерлік қызметке байланысты емес жеке, отбасылық, үйде немесе өзге де пайдалану үшін зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу операцияларына қатысты қолданылмайды. Мұндай операцияларды жүзеге асыру тәртібі аумағында осы операциялар жасалатын мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді;

б) кәсіпкерлік қызметке байланысты емес мақсаттарда жеке тұлғалар арасында жасалатын зергерлік және басқа да бұйымдармен, сондай-ақ қырланған асыл тастармен жасалатын операцияларға қатысты қолданылмайды. Мұндай операцияларды жүзеге асыру тәртібі аумағында осы операциялар жасалатын мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді;

в) зергерлік және басқа да бұйымдарды жасауға жарамсыз асыл тастармен жасалатын операцияларға қатысты қолданылмайды. Асыл тастарды зергерлік және басқа да бұйымдарды дайындауға жарамсыз деп жатқызу осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады;

г) құрамында бағалы металдар мен асыл тастары бар аспаптармен, құралдармен және жабдықтармен жасалатын операцияларға қатысты қолданылмайды. Мұндай операцияларды жүзеге асыру тәртібі аумағында осы операциялар жасалатын мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді;

д) бағалы металдар мен асыл тастарды Одақтың кедендік аумағынан Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағына әкетуге және оларды осындай мемлекеттердің аумағынан Одақтың кедендік аумағына әкелуге байланысты операцияларға;

е) мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктегі бағалы металдармен, асыл тастармен және минералды шикізатпен жасалатын операцияларға қатысты қолданылмайды. Мұндай операцияларды жүзеге асыру тәртібі аумағында осы операциялар жасалатын мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді.

3-бап

Мүше мемлекеттерде бағалы металдарды өндіру және асыл тастарды өндіру аумағында тиісті өндіру жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап

1. Мұше мемлекеттерде бағалы металдар мен олардан жасалған өнімдерді (бұйымдарды) өндіру, асыл тастарды өндеу, сондай-ақ бағалы металдар мен асыл тастарды пайдалану және олардың айналысы тиісті мұше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады:

а) бағалы металдарды өндіруді, асыл тастарды өндеуді, бағалы металдар мен асыл тастардың айналысын, бағалы металдарды өндірістік мақсаттарда пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер, сондай-ақ мұше мемлекеттің заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда арнайы есепте (есепте) тұруға тиіс (мұше мемлекеттің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген орган (ұйым) жүргізуі жүзеге асыратын бағалы металдармен және асыл тастармен, оның ішінде құрамында бағалы металдар бар минералды шикізатпен операциялар жасайтын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер тізіліміне енгізілуі тиіс) және (немесе) бағалы металдармен және (немесе) асыл тастармен қызметті жүзеге асыру құқығына арнайы рұқсат (лицензиясы) болуы тиіс;

б) бағалы металдарды өндіруді, минералды шикізатты өткізуі жүзеге асыратын немесе минералды шикізаттан, минералды шикізатты қайта өндеу өнімдері мен қалдықтарынан (аффинаждауға жатпайтын саф және бірегей саф бағалы металдардың қоспағанда) жасалған бағалы металдарды өндіретін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер қажетті қайта өндеуден кейін мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асыруға:

егер олардың мұше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асыруға құқығы болса, бағалы металдарды аффинаждауды дербес жүргізуге;

мұше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдарга минералды шикізатты, минералды шикізатты қайта өндеу өнімдері мен қалдықтарын шарт (келісімшарт) негізінде аффинаждауға жіберуге;

осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес аффинаждауға дейін құрамында бағалы металдар бар минералдық шикізатпен операциялар жасау тәртібіне сәйкес мұше мемлекеттердің аумақтарында құрамында бағалы металдар бар минералды шикізатпен аффинаждауға дейін операциялар жасауға;

минералды шикізатты, минералды шикізатты қайта өндеу өнімдері мен қалдықтарын Одақтың құқығын құрайтын актілерде айқындалған тәртіппен Одақтың кедендейтік аумағынан әкетуге міндетті.

Саф бағалы металдарды аффинаждауға жатпайтын саф түрлерінің санатына жатқызу тәртібін Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) айқынтайтын;

в) аффинаждауға дейін минералды шикізатқа және (немесе) өндөлмеген асыл тастарға меншік құқығының ауысуына, сондай-ақ оларды кепіл ретінде пайдалануға байланысты мәмілелер есепке алуға жатады. Мұндай мәмілелерді есепке алу тәртібі мұше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді.

2. Бағалы металдарды аффинаждау, егер шарттың (келісімшарттың) талабында меншік құқығының мұндай ауысуы айтылмаса және егер бұл минералды шикізатты немесе оны қайта өндеу өнімдері мен қалдықтарын аффинаждау үшін тапсырған заңды тұлға немесе дара кәсіпкер аумағында тіркелген мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмесе, бағалы металдарға меншік құқығының өтуіне әкеп соқпайды.

3. Мүше мемлекеттің заңнамасында:

а) мемлекеттің және (немесе) ұйымның бағалы металдарды аффинаждау, бағалы металдардың және (немесе) асыл тастардың алтын-валюта активтерін (қорларын, резервтерін) және (немесе) өзге де мемлекеттік қорларды толықтыру мақсатында бағалы металдар мен асыл тастарды сатып алуға басым құқығы;

б) бағалы металдар өндірісіне, оның ішінде заңнамасына сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асыруға құқығы бар осы мүше мемлекеттің ұйымдарында осы мүше мемлекеттің аумағында өндірілген минералды шикізаттан алынған бағалы металдарға аффинаждау жүргізуге қатысты талаптар мен шарттар;

в) мемлекеттік тапсырыс бойынша бағалы металдарды, оның ішінде мемлекет мұқтажы үшін бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын және асыл тастарды беру көзделуі мүмкін.

4. Ұйымдарында басқа мүше мемлекеттің аумағында өндірілген минералды шикізатты қайта өндеу немесе аффинаждау жүргізілген мүше мемлекеттің заңнамасында кемсітушілік нормалар және осы басқа мүше мемлекеттің аумағына қайта өнделген немесе аффинаждалған бағалы металдарды қайтаруды шектейтін нормалар белгіленуіне болмайды.

5-бап

1. Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер:

а) бағалы металдың атауы, массасы және құрамы (сынама) бойынша –бағалы металдарды;

б) асыл тастардың сыныптамалық және құндық сипаттамаларын айқындау мақсатында мүше мемлекеттерде қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес атауы, массасы, сыныптамалық сипаттамалары бойынша асыл тастарды міндетті есепке алушы жүзеге асырады.

2. Бағалы металдар мен асыл тастарды есепке алу және есептілігін жүргізу, оларды сақтау және тасу (тасымалдау) тәртібі аумағында бағалы металдар мен асыл тастарды өндіру, жасау, пайдалану және олардың айналысы жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді.

6-бап

1. Бағалы металдармен, өнделмеген асыл тастармен, бірегей саф түрлерімен, асыл тастармен және аффинаждауға жатпайтын саф түрлерімен мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шарттық (келісімшарттық) бағаны қалыптастыру мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бірегейлер санатына жатпайтын бағалы металдардың саф түрлерін және осындай саф түрлерінің минералогиялық коллекциялық ұлгілерін оларды өндірген субъектілер осы Келісімнің 9-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, аумағында олар өткізілетін мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізуі мүмкін.

7-бап

Өндөлмеген табиғи алмасты бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізу өндөлмеген табиғи алмастарды сертификаттаудың халықаралық схемасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Өндөлмеген табиғи алмастарды сертификаттаудың халықаралық схемасының сертификаттарын (Кимберлий процесінің сертификатын) ресімдеу және беру тәртібі, сондай-ақ өндөлмеген табиғи алмастарды сертификаттаудың халықаралық схемасы талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді.

8-бап

1. Мүше мемлекеттерде сыныптамалық сипаттамасы айқындалмаған асыл таастармен мәмілелер жасауға жол берілмейді.

2. Асыл таастардың сыныптамалық және құндық сипаттамаларын айқындау асыл таастарды сұрыптау, бастапқы сыныптау және бастапқы бағалау (мүше мемлекеттің аумағында өндірілген жағдайда), сәйкестендіру (Одақтың кедендік аумағына Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелінген жағдайда) процестерінде, сондай-ақ оларды өндеу аяқталған кезде мүше мемлекеттерде қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттама негізінде жүзеге асырылады.

3. Мүше мемлекеттің аумағында өндірілген өндөлмеген асыл таастарды сұрыптауды, бастапқы сыныптауды және бастапқы бағалауды оларды өндіру субъектілері немесе осындай операцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдар (ұйымдар) өндөлмеген асыл таастар аумағында өндірілген мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

9-бап

1. Занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің жеке тұлғаларға қырланған асыл таастарды сатуы (өткізуі) бөлшек саудада сатып алу-сату шарты бойынша әрбір тасқа немесе саны 2 және одан да көп қырланған асыл таастардың партиясына бірыңғай орамаға салынған сертификат (аттестат) болған кезде жүзеге асырылады.

2. Сертификатты (аттестатты) мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген орган (ұйым) береді.

3. Қырланған асыл таастарды сертификаттау (аттестаттау) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің жеке тұлғаларға аффинаждауға жатпайтын асыл таастардың саф түрлерін, сондай-ақ шикі (табиғи) түрдегі өндөлмеген асыл таастарды сатуына (өткізуіне) жол берілмейді.

5. Аффинаждауға жатпайтын саф түрлер зергерлік және басқа бұйымдарда көз (жапсырма, алқа) ретінде пайдаланылуы мүмкін.

10-бап

1. Бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтары, асыл тастардың қалдықтары пайда болатын занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер, егер бұл мүше мемлекеттің заннамасында көзделсе, көрсетілген сынықтар мен қалдықтарды жинауды және оларды міндettі есепке алууды жүзеге асырады. Бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын және асыл тастардың қалдықтарын есепке алу және есептілігін жүргізу, сақтау және тасу тәртібі аумағында олар пайда болған мүше мемлекеттің заннамасында белгіленеді.

2. Меншікті өндірісте жиналған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын, асыл тастардың қалдықтарын:

а) оларды жинайтын занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер меншікті өндірісте қайталама пайдалану үшін өз бетінше өндейді (қайта өндейді);

б) егер мүше мемлекеттік заннамасына сәйкес занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің қызметтің осы түрін жүзеге асыруға құқығы болған жағдайда аффинаждауға (бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарына қатысты ғана) ұшырайды не шарттың (келісімшарттың) негізінде мүше мемлекеттің заннамасына сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асыру құқығы бар ұйымдарға аффинаждауға жіберіледі;

в) мүше мемлекеттердің заннамасына сәйкес мүше мемлекеттердің бағалы металдардың және (немесе) асыл тастардың мемлекеттік қорына өткізіледі немесе басқа занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге өткізіледі;

г) Одақтың құқығын құрайтын актілерде айқындалған тәртіппен Одақтың кедендік аумағынан әкетіледі.

3. Мүше мемлекеттің заннамасында:

а) мүше мемлекеттің заннамасына сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асыруға құқығы бар осы мүше мемлекеттің ұйымдарында занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер өз өндірісінде жинаған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинаждау жөніндегі міндеттеме;

б) мүше мемлекеттің заннамасына сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асыруға құқығы бар осы мүше мемлекеттің ұйымдарында занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер сатып алған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинаждауға қатысты талаптар мен шарттар белгіленуі мүмкін.

4. Мүше мемлекеттердің бағалы металдардың және (немесе) аஸыл тастардың мемлекеттік қорларындағы бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарының, аஸыл тастардың қалдықтарының айналысы мүше мемлекеттердің заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын сатып алатын занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асыруға:

а) егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асыруға олардың құқығы бар болса, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинаждауды өз бетінше жүргізуғе;

б) бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын шарт (келісімшарт) негізінде мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асыруға құқығы бар үйымдарға аффинаждауға жіберуге;

в) егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, кейіннен аффинаждау үшін өндіеу (қайта өндіеу) мақсатында басқа занды тұлғаларға немесе дара кәсіпкерлерге бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын беруге немесе өткізуғе;

г) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің бағалы металдарының және (немесе) асыл тастарының мемлекеттік қорларына бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын өткізуғе;

д) Одақтың құқығын құрайтын актілерде айқындалған тәртіппен Одақтың кедендей аумағынан бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын әкетуге міндетті.

6. Сынықтар мен қалдықтардан алынған бағалы металдарды, сондай-ақ рекуперацияланған асыл тастарды олардың түрі мен жай-күйіне қарай пайдалану және олардың айналысы осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

7. Үйымдарында басқа мүше мемлекеттің аумағынан өткізілген сынықтар мен қалдықтардан бағалы металдарды алу жүргізілген мүше мемлекеттің заңнамасында осы сынықтар мен қалдықтар аумағынан өткізілген мүше мемлекетке осы бағалы металдарды қайтаруды шектейтін нормаларды белгілеуге болмайды.

11-бап

1. Одақтың кедендей аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендей рәсіміне сәйкес шығарылған зергерлік және басқа да бұйымдар сынамаларына, зергерлік және басқа бұйымдарды сынамалауға, талдауға және таңбалалауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

Зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамалауға, талдауға және таңбалалауға қойылатын талаптарды Комиссия Кеңесі бекітеді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген зергерлік және басқа да бұйымдар, осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілген талаптарға сәйкес аумағына олар әкелінген мүше мемлекеттің сынама таңбасымен таңбалалауға жатады.

2. Одақтың кедендей аумағына әкелінген және осы мүше мемлекеттің аумағында ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендей рәсіміне сәйкес шығарылған, мүше мемлекеттің және Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің сынамалау таңбаларын өзара тану

көзделетін, оларға қатысты халықаралық шарттар қолданылатын зергерлік және басқа да бұйымдарды сату (өткізу) үшін басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізу кезінде осындай бұйымдар аумағынан өткізілген мүше мемлекеттің сынамалау таңбасымен таңбалауға жатады.

3. Мүше мемлекеттің аумағында дайындалған зергерлік және басқа да бұйымдар осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағының екінші абзацында көрсетілген талаптарда белгіленген сынамаларға сәйкес келуге, осы зергерлік және басқа да бұйымдар аумағында дайындалған мүше мемлекеттің атаулы таңбаларының бедері және сынама таңбасы болуға тиіс.

4. Мыналар:

а) түрлі нысандарда ұсынылған мемлекеттік наградалар, монеталар, зергерлік және басқа да тұрмыстық бұйымдардың қалған бөліктері;

б) бағалы емес металдардан жасалған қаламдардың бағалы металдардан жасалған қаламштары;

в) бағалы металдардан жасалған жазуларға арналған пластинкалар не бағалы металдардан жасалған кітаптар, альбомдар, папкалар және ұқсас бұйымдардың мұқабалары;

г) тарихи немесе археологиялық маңызы бар зергерлік және басқа да бұйымдар, отандық және шетелдік өндірілген аффинаждалған бағалы металдардың құймалары, бағалы металдардың саф түрлері, қантамалық жұқа алтын, қантамалық жұқа күміс, бұйымдарда платинамен, алтынмен, палладиймен және (немесе) күміспен безендіру тәсілімен орындалған ұсақ керпелер мен ұсақ әшекейлер, бағалы металдардан жасалатын және ғылыми, өндірістік және медициналық мақсаттарға арналған аспаптар, зертханалық ыдыстар мен өзге де бұйымдар міндетті түрде сынамалауға, талдауға және таңбалауға жатпайды.

5. Одақта мүше болып табылмайтын мемлекетке экспорттауға арналған, мүше мемлекеттің аумағында өндірілген зергерлік және басқа да бұйымдар, егер бұл аумағында осындай бұйымдар дайындалған мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, сынамалауға, талдауға және таңбалануға жатпайды.

6. Бір мүше мемлекеттің аумағында сынамалау таңбасымен таңбаланған зергерлік және басқа да бұйымдар басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілген жағдайда, қосымша сынамалауға, талдауға және таңбалауға жатпайды.

7. Зергерлік және басқа да бұйымдарды дайындау (өндіру) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің өздері дайындаитын зергерлік және басқа да бұйымдардың барлығы бедері салынатын атаулы таңбасы болуға тиіс.

8. Тиісті бағалы металға белгіленген ең төменгі сынамадан төмен сынамасы бар зергерлік және басқа да бұйымдар, сондай-ақ бағалы емес металдарды қолдана отырып дайындалған бұйымдар таңбалауға және зергерлік және басқа да бұйымдар ретінде

өткізуге жатпайды. Мұндай бұйымдардың сыртқы түрі бойынша осындағы бұйымдар дайындалған бағалы металдар қорытпасына сәйкес келмейтін сынамалау таңбаларының бедерлеріне не бағалы металдар сынамаларының белгілеріне ұқсайтын таңба бедерлері болмауы тиіс. Осы баптың 1-тармағының екінші абзацында көрсетілген, зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамалауға, талдауға және таңбалауға қойылатын талаптарда зергерлік және басқа да бұйымдарды дайындау кезінде бағалы емес металдарды қолдану жағдайлары көзделуі мүмкін.

9. Бір мүше мемлекеттің аумағында сынамалау таңбасымен таңбаланған зергерлік және басқа да бұйымдар басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілген жағдайда, егер бұл аумағына зергерлік және басқа да бұйымдар өткізілген мүше мемлекеттің заңнамасымен көзделген болса, сынамалау, талдау және таңбалау жүргізу үшін аумағына көрсетілген бұйымдар өткізілген мүше мемлекеттің уәкілетті органына (ұйымына) ерікті түрде ұсынылуы мүмкін.

10. Зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамалауды, талдауды және таңбалауды, сондай-ақ атаулы таңбаларды есепке алуды (тізілімін) жүргізуді мүше мемлекеттің осыған уәкілеттік берілген органы (ұйымы) жүзеге асырады. Мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайларда зергерлік және басқа да бұйымдарға сынамалауды, талдауды және таңбалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ атаулы таңбаларды есепке алуды (тізілімін) жүргізуге уәкілетті ретінде бағалы металдар мен асыл тастарды өндіру, пайдалану және олардың айналысы саласындағы нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің органы (бұдан әрі – нормативтік құқықтық реттеуге уәкілетті орган) бола алады.

Сынамалауға, талдауға және таңбалауға уәкілеттік берілген орган (ұйым) немесе нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген орган атаулы таңбалардың шифрларын жыл сайын мүше мемлекетте белгілейді және олар туралы ақпарат осы мүше мемлекеттің зергерлік және басқа да бұйымдарды дайындаушыларының назарына, сондай-ақ нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органдардың және сынамалауға, талдауға және таңбалауға уәкілеттік берілген органдардың (ұйымдардың), басқа мүше мемлекеттердің назарына тоқсан сайын жеткізіледі.

11. Осы Келісімге сәйкес сынамалау таңбасымен таңбалауға жататын зергерлік және басқа да бұйымдарды осындағы таңбалардың бедерлерінсіз сатуға (өткізуге) тыйым салынады.

12. Мүше мемлекеттің аумағында жасалған және басқа да бұйымдар және оларға қатысты таңбалау осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ерікті негізде жүзеге асырылатын күмістен дайындалған зергерлік мұндай бұйымдарда атаулы таңба бедері болған кезде осы мүше мемлекеттің аумағында сатылуы (өткізілуі) мүмкін. Мұндай бұйымдарды басқа мүше мемлекеттің аумағына сату (өткізу) үшін өткізген кезде олар аумағынан осындағы бұйымдар өткізілген мүше мемлекеттің сынамалау таңбасымен таңбалануға жатады.

13. Басқа мүше мемлекеттің аумағынан зергерлік және басқа да бұйымдар аумағына өткізілген мүше мемлекеттің заңды тұлғалары мен дара кәсіпкерлері өз мүше мемлекеттің нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органына осындай бұйымдардың өткізілгені туралы ақпаратты ұсынады.

14. Зергерлік және басқа да бұйымдар аумағына өткізілген мүше мемлекеттің нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органы зергерлік және басқа да бұйымдардың түскені туралы аумағынан осындай бұйымдар өткізілген мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органына хабар беруді қамтамасыз етеді. Ақпарат құрамы және онымен алмасу тәртібі осы уәкілетті органдармен (ұйымдармен) келісіледі.

15. Мүше мемлекеттердің бірі зергерлік және басқа да бұйымдардың шығу тегінің төлнұсқалылығын бақылау және айналымның барлық кезеңінде олардың қозғалысын есепке алу саласындағы ақпараттық жүйені енгізген жағдайда, зергерлік және басқа да бұйымдарды сәйкестендіру тәртібін, олар туралы ақпарат құрамын, оны осындай ақпараттық жүйеге беру тәртібі мен мерзімдерін Комиссия айқындаиды.

12-бап

1. Нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органдар мыналарды:

а) бағалы металдармен және асыл тастармен қызмет, оның ішінде бағалы металдар мен асыл тастарды өндіру, пайдалану және олардың айналысы саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін;

б) сынамалау таңбаларының белгілерін белгілейтін заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілер туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органдар сынамалау таңбалары бедерлерінің ұлгілерімен, олардың сипаттамасымен, атаулы таңба тізілімдерімен, сондай-ақ осы Келісімді іске асыру шенберінде өзге де мәліметтермен алмасуды қамтамасыз етеді.

3. Нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген орган өз мүше мемлекеттің аумағына өткізілген зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіруге қойылатын талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда, осы зергерлік және басқа да бұйымдар аумағынан өткізілген мүше мемлекеттің нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органына анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты жіберуді қамтамасыз етеді. Нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органдар арасында ақпарат алмасу жүзеге асырылатын бұзушылықтардың тізбесін Комиссия айқындаиды.

Зергерлік және басқа да бұйымдар аумағынан өткізілген мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органы анықталған бұзушылықтар туралы келіп түскен ақпаратта көрсетілген тұлғаларға қатысты бақылау іс-шараларын жүргізуі қамтамасыз етеді және өз мемлекеттің заңнамасына сәйкес бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Бақылау-қадағалау іс-шаралары шенберінде аумағында бұзушылықтар анықталған мүше мемлекеттің нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органы олардың тарапынан бұзушылықтар жіберілген өндірушілердің және (немесе) өнім берушілердің зергерлік бұйымдарына сынамалау және талдау жүргізуді бұзушылықтар анықталған күннен бастап 1 жыл ішінде қамтамасыз етеді.

Зергерлік және басқа да бұйымдар аумағынан өткізілген мүше мемлекеттің нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органы бірінші мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қабылданған ықпал ету шаралары туралы ақпаратты аумағында бұзушылықтар анықталған мүше мемлекеттің нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органына жіберуді қамтамасыз етеді.

Аумағында бұзушылықтар анықталған мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органы асыл тастарды алып өту және (немесе) өткізу кезінде осындай бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады және аумағынан асыл тастар өткізілген мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес анықталған бұзушылықтардың жолын кесу бойынша шаралар қабылдау үшін аумағынан асыл тастар өткізілген мүше мемлекеттің нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органына анықталған бұзушылықтар және жүргізілген іс-шаралар туралы хабар береді.

Нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органдар бұзушылықтардың себептерін және оларды жасауға ықпал еткен жағдайларды анықтау және жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Нормативтік-құқықтық реттеуге уәкілеттік берілген органдар халықаралық шарттарды және өз мемлекеттерінің заңнамасын басшылыққа ала отырып, Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қаржылық шараларды әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын ескере отырып, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат алмасуға ұмтылады.

Мүше мемлекеттер осы Келісімге сәйкес алынған ақпаратты тек осы Келісімді іске асыру мақсатында ғана пайдаланады.

13-бап

1. Бағалы металдар мен асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың заңсыз айналымы үшін жауаптылық шаралары мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Мүше мемлекеттерде бағалы металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың заңсыз айналымы үшін әкімшілік және (немесе) өзге де жауаптылықты үйлестіру жөнінде шаралар қабылдайтын болады. Мүше мемлекеттерде бағалы металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың заңсыз айналымы үшін әкімшілік және (немесе) өзге де жауапкершілікті үйлестіру жөніндегі шаралар тізбесін және оларды іске асыру мерзімдерін Комиссия Кеңесі осы баптың Зтармағында көзделген шолу сапарларын өткізу нәтижелерін ескере отырып айқынайды.

3. Мұше мемлекеттердің осы Келісімнің ережелерін орындауымен танысу мақсатында алғашқы шолу сапарлары жүзеге асырылады.

Түзету әрекеттерін жүзеге асыру, сондай-ақ бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру және олардың айналысы саласындағы мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) қолданыстағы тетіктерін жетілдіруге бағытталған үздік практикалармен алмасу мақсатында мерзімдік шолу сапарлары ұйымдастырылады.

Алғашқы шолу сапарлары мұше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдарының) ұсыныстары негізінде қалыптастырылатын және Комиссия Алқасы бекітін шолу сапарларын өткізу графигіне сәйкес өтеді. Алғашқы шолу сапарлары осы Келісім күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде өтеді. Мерзімдік шолу сапарлары 5 жылда 1 реттен сиретпей жүзеге асырылады.

Шолу сапарларын шолу тобы жүзеге асырады, оның құрамына көрсетілген органдар (ұйымдар) басшыларының орынбасарларын қоса алғанда мұше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдарының) және Комиссияның өкілдері кіреді.

Алғашқы (қайта) шолу сапарының нәтижелері бойынша тиісті қорытынды жасалады.

Мерзімді шолу сапарының нәтижелері бойынша ұсыным жасалады.

Мұше мемлекеттердің бірі алғашқы шолу сапарының нәтижелері бойынша теріс қорытынды алған жағдайда, қайта сапар шолу сапарларын өткізу графигінде көзделген соңғы алғашқы шолу сапары аяқталған күннен бастап 1 айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Шолу тобының құрамын, қорытындының нысанын және қорытындыда көрсетілуге жататын мәліметтер тізбесін Комиссия Кеңесі бекітеді.

14-бап

Осы Келісімнің 11-бабының 1-тармағының бірінші, екінші және үшінші абзацтарын , 2, 3, 6 – 9, 11, 13 және 14-тармақтарын осы Келісімнің 13-бабының 3-тармағында көзделген алғашқы шолу сапарларының нәтижелері бойынша алынған барлық мұше мемлекеттерге қатысты оң қорытындылар негізінде қабылданатын Комиссия Кеңесінің шешімі күшіне енген күннен бастап мұше мемлекеттер қолданады.

15-бап

Осы Келісімді қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

16-бап

Мұше мемлекеттердің өзара келісіуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

17-бап

Осы Келісім Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Одақтың құқығына кіреді.

18-бап

Осы Келісім депозитарий дипломатиялық арналар арқылы мүше мемлекеттердің осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

_____ жылғы "___" қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сакталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Қыргыз Республикасы үшін

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімге

1-қосымша

Асыл тастарды зергерлік және басқа да бұйымдарды дайындауға жарамсыздар қатарына жатқызу ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп асыл тастарды зергерлік және басқа да бұйымдарды дайындауға жарамсыздар қатарына жатқызу өлшемшарттары мен қағидаларын белгілейді.

2. Осы Тәртіpte пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімнің 2-бабында айқындалған мәндерінде қолданылады.

3. Асыл тастарды зергерлік және басқа да бұйымдарды жасауға жарамсыздар қатарына жатқызу өлшемшарттары олардың өлшемдік, түстік және сапалық сипаттамалары болып табылады.

4. Зергерлік және басқа да бұйымдарды жасауға жарамсыз асыл тастарға:

а) жер қойнауынан өндірілген табиғи алмастар, олардың өлшемдік-салмақтық тобына қарамастан "борт" және "дриллинг" позициялары;

б) асыл тастардың қалдықтары:

"- 3 + 2" және одан төмен елек сыйыпты көпкристалды алмас құралынан рекуперацияланған табиғи алмастар;

табиғи алмастарды өңдеудің кез келген түрінде түзілетін, "- 3 + 2" және одан төмен елек сыйыпты қалдықтар;

асыл тастардың үгіндісі, сондай-ақ асыл тастарды (табиғи алмастардан басқа) өндеудің кез келген түрі кезінде түзілетін, желілік мөлшері 2 мм-ден кем қалдықтар жатады.

5. Жер қойнауынан өндірілген табиғи алмастарды, "борт" және "дриллинг" позицияларын зергерлік асыл тастарды сұрыптаудың, бастапқы сыныптаудың және бастапқы бағалаудың белгіленген тәртібіне сәйкес және басқа да бұйымдар жасауға жарамсыздар қатарына жатқызуды асыл тастарды сұрыптауды, бастапқы сыныптауды және бастапқы бағалауды жүзеге асыратын ұйымдар жүргізеді.

6. Асыл тастардың қалдықтарын зергерлік және басқа да бұйымдарды жасауға жарамсыздар қатарына жатқызуды асыл тастарды сатып алатын және пайдаланатын, дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген занды тұлғалар мен жеке тұлғалар жүргізеді.

Асыл тастар қалдықтары сипаттамаларының осы Тәртіpte айқындалған өлшемшарттарға сәйкестігін белгілеу Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тексеруден және калибрлеуден өткен өлшеу құралдары мен жабдықтар пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Көпкристалды алмас құрамынан рекуперацияланған табиғи алмастардың, сондай-ақ табиғи алмастарды өндеудің кез келген түрі кезінде түзілетін қалдықтардың електі сыныбы елктерден өткізу жолымен айқындалады.

Асыл тастар үгінділерінің, сондай-ақ асыл тастарды (табиғи алмастан басқа) өндеудің кез келген түрі кезінде түзілетін қалдықтардың сызықтық өлшемдері 0,1 мм-ден аспайтын ауытқуы бар өлшеу құралдарының көмегімен белгіленеді.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше
мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл
тастармен операцияларды жүзеге асыру
ерекшеліктері туралы
келісімге
2-қосымша

Аффинаждауға дейін құрамында бағалы металдар бар минералды шикізатпен операцияларды жасау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп құрамында бағалы металдар (бұдан әрі – минералды шикізат) бар минералды шикізаттың меншік иелері мен нарықтың басқа да қатысуышылары арасындағы қатынастарды мынадай:

а) өндіру, байыту және аффинаждауға дейін металлургиялық қайта өндеу кезінде минералды шикізаттағы бағалы металдардың физикалық жай-күйі немесе құрамы өзгерген;

б) минералды шикізатқа және минералды шикізатты қайта өндеу өнімдеріне меншік құқығы мен өзге де мүліктік құқықтар ауысқан;

в) минералды шикізатты және минералды шикізатты қайта өндеу өнімдерін өткізген және сақтаған жағдайда регламенттейді.

2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімнің 2-бабында айқындалған мәндерінде қолданылады.

3. Осы Тәртіп бірегей санатына жатқызылған және аффинаждауға жатпайтын бағалы металдардың саф түрлерімен жасалатын операцияларға қолданылмайды.

4. Минералды шикізаттағы бағалы металдардың физикалық жай-күйін немесе құрамын өзгерту байыту және алтын алу фабрикаларында және металлургиялық өндірісте шаю қондырғылары мен аспаптарында құмдарды шаю кезінде, шлих байыту фабрикалары мен қондырғыларында, үймелі және жерасты сілтісіздендіру қондырғыларында, минералды шикізатты қайта өндеу жөніндегі басқа да объектілерінде концентраттарды жеткізу кезінде жер қойнауынан өндірілген кендерді өндіру процесінде жүзеге асырылады.

5. Минералды шикізаттың әрбір партиясына оның меншік иесі паспорт ресімдейді, онда:

- а) минералды шикізаттың атауы;
- б) партиясының нөмірі;
- в) партия массасы (табиғи және құрғақ түрде);
- г) ылғалдылығы;
- д) құрамында зиянды және басқа да бақыланатын қоспалардың болуы;
- е) құрамында бағалы металдардың болуы;
- ж) бағалы металдар көлемі;
- з) минералды шикізаттың сапасын сипаттайтын басқа да параметрлер көрсетіледі.

6. Аффинаждалған бағалы металдарды беруге бұрын жасалған шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған минералды шикізат Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) заңнамасына сәйкес бағалы металдарды өндіру және (немесе) жасау субъектілері аффинаждауға дейін занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғаларға, оның ішінде бағалы металдар мен асыл тастар биржалары арқылы өткізілуі мүмкін.

Минералды шикізат мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес кепіл ретінде пайдаланылуы мүмкін.

7. Минералды шикізатқа меншік құқығының өтуіне, сондай-ақ оны кепіл ретінде пайдалануға байланысты мәмілелер тиісті шарттармен (келісімшарттармен) ресімделеді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімнің 4-бабына сәйкес есепке алуға жатады.

8. Минералды шикізатқа меншік құқығының өтуіне байланысты шарттарда (келісімшарттарда) міндettі түрде:

- а) минералды шикізаттың атауы;
- б) жеткізу көлемі мен мерзімдері (графигі);
- в) химиялық таза түрдегі бағалы металдардың саны;
- ғ) химиялық таза түрдегі масса бірлігі не бағалы металдардың бағасы және шарт (келісімшарт) бойынша олардың жалпы құны;
- д) жеткізу және ақысын төлеу тәртібі мен шарттары;
- е) минералды шикізатты беру және қабылдау шарттары;
- ж) тараптардың жауапкершілігі көрсетіледі.

9. Минералды шикізаттың бағасын оның меншік иесі мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері белгілейтін бағаларды ескере отырып немесе Лондон бағалы металдар нарығына қатысушылар қауымдастыры (LBMA) – алтынға, күміске, Лондонның платина және палладий нарығына (LPPM) қатысушылар платина мен палладий белгілейтін бағалар белгіленімін ескере отырып немесе мүше мемлекеттердің заңнамасымен уәкілеттік берілген органдар (ұйымдар) иридий, родий, рутений, осмийге белгілейтін бағаларды ескере отырып, дербес айқындаиды.

10. Минералды шикізаттың меншік иесі мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы шикізаттың құрамындағы бағалы металдардың сақталуын оны өндірудің, қайта өндеудің және тасудың барлық сатысында қамтамасыз етеді.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше
мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл
тастармен операцияларды жүзеге асыру
ерекшеліктері туралы келісімге
3-қосымша

Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру және олардың айналысы саласындағы мемлекеттік бақылауға (қадағалауға) қойылатын НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімнің ережелерін іске асыру мақсаттары үшін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде (бұдан әрі – мүше мемлекеттер):

- а) зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру және олардың айналысы саласындағы базалық заңның болуы;
- б) сынамалау, талдау және таңбалау, сондай-ақ тексерулер жүргізу мәселелерін реттейтін зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру, пайдалану және олардың айналысы саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілердің болуы;

в) мүше мемлекеттің аумағына өткізілген зергерлік және басқа да бұйымдарға қатысты міндетті талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік және (немесе) өзге де жауаптылық шараларын көздейтін нормативтік-құқықтық актілердің болуы;

г) зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру, пайдалану және олардың айналысы саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуге жауапты уәкілетті органның және (немесе) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оны жүргізуге уәкілеттік берілген өзге де органдардың (ұйымдардың) (бұдан әрі – уәкілетті органдар (ұйым) болуы қамтамасыз етіледі.

2. Уәкілетті орган (ұйым) және оның қызметкерлері зергерлік және басқа да бұйымдарды дайындау және (немесе) сату жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ зергерлік және басқа да бұйымдарды дайындау және (немесе) сату жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды құруға не осында ұйымдардың қатысушылары болуға құқылы емес.

3. Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру және олардың айналысы саласындағы мемлекеттік бақылау (қадағалау) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген занды тұлғалар мен дара жеке тұлғаларға (бұдан әрі – дара кәсіпкерлер) тексерулер ұйымдастыру және жүргізу, бұзушылықтардың салдарларын болғызыбау және (немесе) олардың салдарын жою бойынша мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдау, занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер өндіріс саласындағы өз қызметін жүзеге асырған кезде міндетті талаптарды орындауды талдау арқылы жүзеге асырылады.

4. Мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес уәкілетті орган (ұйым):

а) өз өкілеттіктері шенберінде мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыруға байланысты қатынастарды нормативтік-құқықтық және әдістемелік қамтамасыз етуді;

б) егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, уәкілетті органдардың (ұйымдардың) қызметін ұйымдастыруды және үйлестіруді;

в) мемлекеттік сынамалық қадағалауды оның нәтижелері мен тиімділігін бағалау мақсатында жүргізу, сондай-ақ мүше мемлекеттің аумағында зергерлік және басқа да бұйымдардың айналысы мониторингін;

г) анықталған бұзушылықтардың жолын ашу және (немесе) оларды жою бойынша мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шараларды қабылдауды;

д) занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіруді, пайдалануды және олардың айналысын жүзеге асырған кезде міндетті талаптарды орындаудына талдау жасауды;

е) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Уәкілетті орган (ұйым):

а) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімнің 11-бабы 1-тармағының екінші абзацында көрсетілген зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамалауға, талдауға және таңбалалауға қойылатын талаптарға сәйкес зергерлік және басқа да бұйымдарға сынамалауды, талдауды және таңбалалауды;

б) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес:

сынамалау таңбалары мен атаулы таңбалардың бедерлеріне сараптаманы;

зергерлік және басқа да бұйымдарға сараптаманы;

зергерлік және басқа да бұйымдарға бақылау талдамаларын жасауды және төрелік істер бойынша сараптаманы;

өзге де іс-шараларды жүргізеді.

6. Мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тексеру жүргізу үшін көзделген негіздерге қосымша ретінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімнің 12-бабына сәйкес бір мүше мемлекеттің уәкілетті органына (ұйымына) басқа мүше мемлекеттің уәкілетті органынан (ұйымынан) осы басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілген зергерлік және басқа да бұйымдарға қатысты міндетті талаптарды бұзу фактілері туралы өтініш келіп түскен кезде тексерулер жүргізіледі.